

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 және "
Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы "
" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы № 288 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қарашадағы № 1458 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 887 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 23-24, 228-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативінде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Президент Әкімшілігі	Президент Әкімшілігінің Басшысы	1		2600
		Президенттің көмекшісі-Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы	1		2600
		Президенттің көмекшісі	1		2600
		Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы	1		2000
		Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары	1		2000
		Президент Кеңесінің бастығы	1		2600
		Президенттің Баспасөз хатшысы	1		2600
		Президенттің Протокол бастығы	1		2600

Президенттің Парламенттегі өкілдігінің басшысы	1		2000
Астана қаласында көліктік қызмет көрсету	16*****	1*****	2600
Алматы қаласында	1*****	6*****	2600
Қонақтарға арналған		25	***

”;

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

***** Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Мұражайы" үшін - 2 бірлік, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Мұрағаты" мемлекеттік мекемелері үшін - 2 бірлік";

2) "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы № 288 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарының тиесілілік табелінде:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі" деген бөлімнің "Автомобильдердің шекті саны" деген кестесіндегі "Астана қаласы бойынша 10" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қаласы бойынша 11".

2. Осы қаулы, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

С. Ахметов